Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Акнур-Авто» ЖШС, «Альфа Проект Строй» ЖШС мен «ATM CONSULTING» ЖШС өзара бірлесе отырып, кенттің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі жобаларды іс жүзіне асыру туралы жасасқан

№1 МЕМОРАНДУМЫ

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан әкім М. Сейілов, «Акнур-Авто» ЖШС-нің тарапынан Б. Кошеков, «Альфа Проект Строй» ЖШС-нің тарапынан Б. Жусупов және «ATM CONSULTING» ЖШС-нің тарапынан А. Мирзабаев әрі қарай тараптар: Осы әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыру жөнінде төмендегідей келісімге келді:

1-бап

Осы Меморандумның негізгі мақсаты әлеуметтік жобаны бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі көлемінде іс жүзіне асыру.

2-бап

Осы Меморандум көлемінде бірлескен қарым-қатынастың келесі түрлері қарастырылады:

а) Әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыруға ықпал жасау;

а) Жобаны іс жүзіне асыру жолдары мен түрлерін талқылауға кездесулер өткізу;

б) Қосымша тараптардың келісуімен басқа да қарым-қатынас түрлері.

3-бап

«Альфа Проект Строй» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2022 жылы Қызылжарма ауылдық округі аумағындағы инженерлік инфрақұрылымдық құрылысы (Қиыршық тас жол) және түнгі көше жарық шамдары мәселелері бойынша жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, сараптамадан өткізуді өз міндетіне алады.

4-бап

«Акнур-Авто» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2022 жылы Қызылжарма ауылдық округі аумағындағы инженерлік инфрақұрылымдық құрылысы (Қиыршық тас жол) және түнгі көше жарық шамдары құрылысын аяқтап «Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне өткізуді өз міндетіне алады.

5- бап

«ATM CONSULTING» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2022 жылы Қызылжарма ауылдық округі аумағындағы инженерлік инфрақұрылымдық құрылысы (Қиыршық тас жол) және түнгі көше жарық шамдары құрылысының жұмыс барысын және жоба-сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстың орындалу сапасын қадағалайды.

6- бап

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі екінші тараптың Қызылжарма ауылдық округі аумағындағы инженерлік инфрақұрылымдық құрылысы (Қиыршық тас жол) және түнгі көше жарық шамдары құрылысын, құжаттарды уақытылы, коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне өткізуді заңға сәйкес рәсімдейді.

Осы Меморандумға қол қоюшы тараптар өздерінің өкілеттігіне қарай өзара келіспеушілік туындаған мәселелерді шешуге жауапкершілікпен қарауды міндетіне алады.

7- бап

Осы Меморандум тараптардың өзара келісімі арқылы өзгерістер мен қосымшалар енгізуге болатындығын және осы меморандумның бөлінбейтін бір бөлігі болады.

8- бап

Осы Меморандум тараптардың қол қойған уақытынан бастап әлеуметтік жобаның іс жүзіне асыру мерзімі біткенге дейін күшінде болады.

Меморандум Қызылжарма ауылдық округінде 2022 жылғы 02 қарашада 4 дана жасалды.

Меморандумға қол қоюшылар:

Кент әкімі:	«Альфа Проект Строй» ЖШС-нің директоры	«ATM CONSULTING» ЖШС-нің директоры	«Акнур-Авто» ЖШС-нің директоры
М. Сейілов	Б. Жусупов	А. Мирзабаев	Б. Кошеков